

ЖШС «Кенесары 07» «Билбобек» жеке балабақшасы

**Тақырыбы: «Баланың шығармашылығын дамыту »
(«Шағала» аралас тобы)**

Тәрбиешілер: Даулетова Б.Т.

2023-2024 ж

Кенес: «Баланың шығармашылығын дамыту»

Кіріспе

Баланың шығармашылығы – оның ойлау қабілетінің, қиялының және жеке тұлға ретінде қалыптасуының маңызды бөлігі. Шығармашылығы дамыған бала өз ойын еркін жеткізе алады, жаңа идеялар ұсынады және қоршаған ортаны ерекше қабылдайды.

Сондықтан баланың шығармашылық қабілетін дамыту – ата-ана мен тәрбиешінің ортақ міндеті.

Шығармашылықтың маңызы

Шығармашылық балаға:

- ойлау қабілетін дамытуға
- қиялын кеңейтуге
- өз ойын еркін айтуға
- сенімділік қалыптастыруға
- жаңа нәрселерді үйренуге көмектеседі

Шығармашылығы дамыған бала өмірде белсенді, ізденімпаз және қызығушылығы жоғары болады.

Шығармашылықты дамыту жолдары

1. Сурет салу

Балаға еркін сурет салуға мүмкіндік беру оның қиялын дамытады. Тақырыпты шектемей, өз ойымен сурет салуға жағдай жасау маңызды.

2. Құрастыру және колөнер

Түрлі материалдардан бұйым жасау, жапсыру, мүсіндеу баланың ұсақ моторикасын және ойлау қабілетін дамытады.

3. Ойын арқылы дамыту

Рөлдік ойындар (дәрігер, мұғалім, сатушы т.б.) баланың қиялын және сөйлеу қабілетін арттырады.

4. Ертегі оқу және ойдан әңгіме құрастыру

Ертегілер баланың қиялын дамытып, жаңа сөздерді меңгеруге көмектеседі. Кейіпкерлер туралы әңгіме құрастыру шығармашылықты күшейтеді.

5. Музыка және би

Ән айту, би билеу, ыргакпен қимыл жасау баланың эмоциясын дамытады және өзін еркін ұстауға үйретеді.

Ата-ананың рөлі

Ата-ана баланың шығармашылығына қолдау көрсетуі керек. Баланың жасаған жұмысын бағалап, мақтап отыру оның сенімділігін арттырады.

Сын айту емес, қолдау көрсету – шығармашылықтың дамуына әсер ететін ең маңызды фактор.

Қорытынды

Қорытындылай келе, баланың шығармашылығын дамыту – оның болашағына жасалған маңызды инвестиция. Шығармашылығы дамыған бала өз ойын еркін жеткізетін, белсенді және жан-жақты тұлға болып қалыптасады.

